



**ШЕШІМ**

28.06.2018 277/34-VI

№

Астана қаласы

**РЕШЕНИЕ**

город Астана

**Астана қаласы Ішкі істер  
департаментінің Жергілікті  
полиция қызметі бастығының  
есебі туралы**

Астана қаласы Ішкі істер департаментінің Жергілікті полиция қызметінің бастығы Б.А. Малыбаевтың атқарылған жұмыс туралы есебін тыңдап және талқылап, Астана қаласы мәслихатының сессиясы 2018 жылдың 5 айында жергілікті полиция қызметінің бөлімшелері әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу және болдырмау, сондай-ақ елорда аумағында құқық тәртібін қамтамасыз етуге бағытталған өзге де міндеттерді орындау бойынша шаралар кешенін атқарғанын айтып өтті.

Солай, қылмыстың санын қысқарту, құқық бұзушылықтың алдын алуды арттыру мақсатында Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі 2018-2019 жылдарға арналған кешенді жоспары бекітілді.

Астана қаласының аумағында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету үшін Астана қаласы Ішкі істер департаментінің жергілікті полиция қызметінің бөлімшелері ІІД және Қазақстан Республикасы Ұлттық гвардиясы комитетінің қызметкерлерін тартумен 1900-ден артық іс-шара өткізді.

Қоғамға қарсы іс-қимылдарды анықтау және болдырмау мақсатында ҰҚҚД, МКД, прокуратурамен және әкімдікпен бірлесіп «Участок», «Құқық тәртібі» атты алдын алу іс-шаралары өткізілуде. Қоғамдық орындарда жасалатын қылмыстың 21,2 %-ға, көшелерде - 22,5%-ға төмендеуі байқалады.

Есепті кезеңде Жол қозғалысы ережелерінің 61 мыңнан астам бұзылуы анықталды, оқу орындарында, мектепке дейінгі мекемелерде, еңбек ұжымдарында 6 мыңнан артық әңгімелесу мен дәрістер өткізілді, бұқаралық ақпарат құралдарында шамамен 760 баяндама ұйымдастырылды.

«Сергек» ақпараттық-ізвестіру жүйесін енгізу жол-көлік оқиғалар санын 17,6 %-ға және жол-көлік оқиғалары кезінде қайтыс болғандар санын 43,8%-ға төмендетуге мүмкіндік берді.

Халық санының, автокөлік мөлшерінің өсуін және апаттылықтың жай-күйіне жасалған талдаманың есебімен Астанада 100 мың халыққа шаққанда ЖКО кезінде қайтыс болғандардың саны орташа республикалық 3,4%

көрсеткішінде 0,9% құрады, яғни үш есеге төмендеді, бұл көрсеткіш республика бойынша ең төмен болып табылады. 10 мың адамға шаққанда ЖКО кезінде зардап шеккендердің саны екі есеге, 10 мың автокөлік құралдарына шаққандағы ЖКА саны Астана бойынша екі есеге төмендеді. Астана бойынша ЖКА ауырлығы орташа республикалық 7,9% көрсеткішінде 4,5% құрайды.

Қылмыстың алдын алудың негізгі түрлерінің бірі әкімшілік құқық бұзушылықты анықтау және болдырмау болып табылады. Есепті кезеңде 44 мыңнан астам әкімшілік құқық бұзушылық анықталды, оның ішінде 9 мыңнан артығы көші-қон заңнамасын бұзушылық, 2700-ден астам жалға берілетін пәтер, 1093 жалға алынатын барак. Тіркелусіз тұру үшін әкімшілік жауапкершілікке 1089 тұрғын тартылды, әлеуметтік бейімдеу орталығына тұрғылықты тұратын жерлері жоқ 560 адам жеткізілді, наркодиспансер жағдайында ішімдіктен мәжбүрлеп емдеуге 239 адам орналастырылды.

Мас күйде тұрмыстық негізде жасалған қылмыстар мен құқық бұзушылыққа қарсы іс-қимыл мақсатында нақты жұмыс өткізілуде. Солай, есепті кезеңде отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласында құқық бұзушылық туралы 630 өтініш қаралды. Полицияның учаскелік инспекторлары шамамен 2500 қорғау ұйғарымдарын енгізді, 42 адамға қатысты олар қайталап енгізілді және қорғау ұйғарымын бұзғаны үшін 67 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

«Полиция және қоғам» байланысын нығайту үшін учаскелік инспекторлардың халық алдындағы есепті кездесулері өткізіледі. Есепті кезеңде 576 кездесу өткізілді.

Жасөспірімдер мен жастар арасында құқық бұзушылықты төмендету мақсатында 72 мектепте «Полицияның жас достары» атты жасақтар құрылды, 140 рейд өткізілді, нәтижесінде әкімшілік жауапкершілікке 600 жасөспірім тартылды және мектеп жарғысын бұзған 200 оқушы анықталды. Бұдан басқа, 8 шұғыл-алдын алу іс-шарасы және 86 мамандандырылған рейд өткізілді, нашақорлықтың, токсикомания мен маскүнемдіктің зияны туралы шамамен 6 мың дәріс оқылды. № 70 мектеп-лицейінің оқушылары Беларусь Республикасында өткен жас қозғалыс инспекторларының 46-шы республикалық слетіне қатысты.

Мектеп инспекторларына жәрдем көрсететін Алдын алу кеңестері есепті кезеңде 293 отырыс өткізді. Кеңес мүшелері тұратын жерлері бойынша мектеп ішінде есепте тұратын 300 жасөспірімдердің үйлеріне барды, еңбекпен және тұрмыстық жайласуларына ықпал етілді. 800-ден астам қоғамдық көмекші полицияның учаскелік инспекторларына жәрдем көрсетеді.

Сонымен қатар, өткізіліп жатқан алдын алу жұмыстарына және құқық бұзушылықтың алдын алу және болдырмау бойынша қабылданып жатқан шараларға қарамастан, Астана қаласы Ішкі істер департаменті жергілікті полиция қызметінде проблемалар мен шешілмеген мәселелер бар.

Учаскелік полиция бөлімшелерін орын-жайлармен қамтамасыз ету мәселесі баяу шешілуде. 67 учаскелік полиция бөлімшесінің тек 25-і ғана

белгіленген талаптарға сәйкес келетін ғимараттарда орналасқан. Үркер тұрғын алабында учаскелік полиция бөлімшесін ашу мәселесі зерделеуді қажетсінеді.

Қазақстан Республикасының аумағына келген азаматтардың тіркелуіне және олардың миграциялық заңнаманы сақтауын бақылау толық мөлшерде жүзеге асырылмайды.

Елорда халқы санының өсуіне байланысты учаскелік полиция инспекторларының, ювенальдық және табиғат қорғау полициясы инспекторлары штат бірліктерінің жіті жетіспеушілігі байқалады, оның себебі жалақының төмендігі, тұрғын үйді жалға алу кезінде пәтерлік төлемнің төленбеуі. Мектеп инспекторларының жетіспеушілігі және олардың міндеттемелерді толық орындамауы профилактикалық есепте тұрған жасөспірімдердің жүріс-тұрысына, жасөспірімдер ортасындағы моральдық-психологиялық ахуалға кері әсер етеді.

Жасөспірімдер қылмыстарының деңгейі төмендемейді. Ювенальдық полиция бөлімшелерінде есепте 200-ден артық кәмелетке толмаған құқық бұзушы және шамамен 200 нашар отбасы тұр. 2018 жылдың 5 айында кәмелетке толмаған балалар 116 қылмыс жасады.

Қала азаматтарының әкімшілік учаскелеріне барған кезде полицияның учаскелік инспекторларына бағынбау фактілері орын алды.

Қабылданып жатқан шараларға және сыбайлас жемқорлықтың алын алуға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың өткізілуіне қарамастан жергілікті полиция қызметі бөлімшелерінің қызметтік тәртіпті және заңдылықты сақтамау, сондай-ақ мүліктік әрі мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу мақсатында қызметтік жағдайды пайдалану фактілері орын алды. Осыған байланысты жыл басынан бастап тәртіптік жазаға 130 учаскелік полиция инспекторы тартылды. Жемқорлық құқық бұзушылыққа жол бермеу бойынша қажетті шараларды қабылдамағаны, қарамағындағылардың қызметі үшін тиісті бақылаудың болмағандығы үшін Астана қаласы Ішкі істер департаментінің «Есіл» ауданы Ішкі істер басқармасының жергілікті полиция қызметінің бастығы лауазымынан босатылды.

Жоғарыда жазылғанның негізінде Астана қаласы мәслихатының сессиясы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Астана қаласы Ішкі істер департаменті Жергілікті полиция қызметінің бастығы Б.А. Малыбаевтың есебі мәліметке алынсын және жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.

2. Астана қаласының әкімдігіне, Астана қаласының Ішкі істер департаментіне елорда аумағында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруға жергілікті полиция қызметіне жан-жақты жәрдем көрсету ұсынылсын.

Қаланың жергілікті полиция қызметтері бөлімшелерінің тиімді қызмет етуі үшін учаскелік полиция бөлімшелеріне белгіленген талаптарға сәйкес келетін орын-жайлар ұсыну және учаскелік полиция инспекторларының тұрмыстық жағдайларын жақсарту бойынша шара қабылдасын.

### 3. Астана қаласының Ішкі істер департаментіне:

- қоғамдық құқық тәртібін, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қылмыстықты уақтылы алдын алу және болдырмау, сондай-ақ жергілікті полиция қызметі қызметкерлерінен жүктемені төмендету және олардың еңбек жағдайларын жақсарту үшін «Қазақстан Республикасы елордасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңнамасына учаскелік полиция қызметкерлері, мектеп инспекторлары және ювенальдық полиция қызметкерлері үшін қосымша штат бірлігін бөлу бойынша өзгерістер енгізуге бастамашылық жасау;

- мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп Үркер тұрғын алабында учаскелік полиция бөлімшесін ашу мәселесін пысықтау;

- «Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» ММ бірлесіп қылмыстық шараларды және қылмыстық-құқықтық әсер етудің өзге де шараларын атқаратын, сондай-ақ қылмыстық жазаларын атқарған адамдарға әлеуметтік және өзге көмек көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі мекемелердің қызметіне жәрдем көрсету кеңесінің жұмысын жандандыру ұсынылсын.

### 4. Астана қаласы Ішкі істер департаментінің жергілікті полиция қызметіне төмендегі ұсынылсын:

- құқық бұзушылық пен қылмыстардың жасалуына мүмкіндік тудыратын себептер мен шарттарды анықтауға, зерделеуге, жоюға бағытталған шаралар кешенін орындау жөніндегі жұмысты жалғастырсын;

- қоғамдық тәртіпті сақтауды жақсарту, қала аумағында қоғамдық бақылауды және халықпен сенімді қатынастар орнатуды жүзеге асыру мақсатында әкімшілік учаскелеріндегі жұмыс нәтижелерін жақсарту бойынша учаскелік инспекторлардың жұмысына бақылауды күшейту, мемлекеттік мекемелермен, қаланың кәсіпорындарымен және ұйымдарымен, қала аудандары әкімдерінің аппараттарымен, қоғамдық кеңеспен тиімді іс-қимылды қамтамасыз етумен өткізілетін іс-шаралардың жоғары тиімділігіне қол жеткізу;

- Қазақстан Республикасының және елорда аумағына келген азаматтардың және азаматтылығы жоқ адамдардың көші-қон заңнамасын, Қазақстан Республикасында болу және республика аумағынан транзиттік өту ережелерін сақтауына бақылауды күшейту, терроризмге қарсы іс-қимылдың алдын алу шараларын жетілдіру жұмысын жандандыру;

- жол қозғалысы ережелерінің бұзылуын төмендету үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жол қозғалысына бақылауды және қадағалауды күшейту, жол қозғалысына қатысушылармен түсіндіру және алдын алу жұмысын белсенді өткізу, бұзушыларға қатысты әкімшілік шаралар қабылдау тиімділігін арттыру. Апаттарды болдырмау үшін Ирченко көшесі бойындағы «жатқан полицейский» белгісін және Ермеков-Тойбеков көшелері қиылысында қосымша белгі орнату мәселесін зерделеу;

- учаскелік полиция қызметкерлері қайталанған қылмыстықты төмендету мақсатында әкімшілік учаскелерді күнде шолу жолымен алдын алу жұмысын

жалғастыру, ішкі істер органдарында есепте тұрған адамдармен жеке-тәрбиелеу жұмысын өткізу;


- қаланың жергілікті полиция қызметтері қызметкерлерінің арасында жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермеу және олардың тиімді жұмысын күшейту мақсатында аудандардың жергілікті полиция қызметінің және құрылымдық бөлімшелер қызметкерлері арасында жеке-алдын алу және тәрбие жұмысын күшейту.

5. Астана қаласы Ішкі істер департаментінің Жергілікті полиция қызметіне «Астана қаласының Білім басқармасы» ММ бірлесіп жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың және қылмыстықтың алдын алуға бағытталған іс-шараларды іске асыру бойынша ювенальдық полицияның және мектеп инспекторларының жұмысын жандандыру ұсынылсын. Кәмелетке толмаған балалар жасайтын қылмыстарды, құқық бұзушылықтарды болдырмау, алдын алу, ашу және тергеу бойынша әкімшілік, криминалдық полициямен тығыз өзара іс-қимылды ұйымдастырсын. Тоқсанында бір реттен кем емес мөлшерде бірлескен шұғыл мәжілістер, рейдтік әзірлемелер мен операциялар өткізсін.

6. Астана қаласы мәслихатының осы шешімінің орындалуын бақылау заңдылық, құқық тәртібі және қоғаммен жұмыс жөніндегі тұрақты комиссияға жүктелсін.

**Астана қаласы мәслихаты  
сессиясының төрағасы**

**Астана қаласы  
мәслихаты хатшысының м.а.**



**А. Ким**

**С. Жүнісов**